

«Манашы» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК да 01.09.2023 жылы педагогикалық қызметкерлермен №1 педагогикалық кеңес өткізілді

01.09.2023ж

Бейнеу селосы

«Манашы» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК-да сағат 14:00 де педагог қызметкерлердің қатысуымен педагогикалық кеңес болып өтті

Қатысуға тиіс -26

Қатысты -24

Күн тәртібінде:

1.МДҰ –жаз мезгіліндегі сауықтыру шараларына есеп беру, жауапты әдіскер: Ж.Муханбердиева

2.Жедел бақылау қорытындысы, топтардың жаңа оқу жылына дайындығы.

3.2023-2024 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-оқыту үдерісін ұйымдастыр туралы әдістемелік –нұсқау хатқа шолу директор К.Корпелиева

3.2023 - 2024 жылғы жылына арналған жылдық және үлгілік оқу жоспарларын талқылау және бекіту.

1)2023-2024 оқу жылындағы міндеттерімен таныстыру.

2)педагогтардың перспективалық жоспарларын, ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін, күн тәртібін бекіту.

4.Әр түрлі мәселелер.

I.Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі I мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Ж.Муханбердиева тыңдалды. Ж.Муханбердиева жазғы сауықтыру іс-шараларының « Мәдени ойын - сауық қызмет» бойынша балаларды қорғау күніне орай «Бақытты балалық шақ» тақырыбында мерекелік ертеңгілік, 30 тамыз Конституция күніне орай «Ата заңым ардағым» мерекелік ертеңгілік, «Дымбілместің қала көшелеріндегі оқиғалары», қуыршақ театр «Ертегілер елінде»,«Жадарлы – жаз»,«Туған күніңмен балақай» тақырыбында айсайын балалардың туған күндеріне орай ойын - сауықтар ұйымдастырылды. «Байқаулар» бөлімі бойынша «Мақтанышым-Елордам»тақырыбында асфальтқа сурет салу, 4-маусым Қ.Р. Мемлекттік рәміздер күніне орай «Рәмізім мақтанышым» көркем сөз байқау, «Әнші балапан» байқау, «Жаз күн сәулесімен жылы»тақырыбында сурет галереясы, «Қызыққа толы сәттер» балалар байқауы ұйымдастырылды. Дене-тәрбиесі ойын-сауық бөлімі бойынша «Кішкентай чемпиондар», «Кім мықты», «Біз жас спортшымыз» таза ауада топаралық сайыс,Қимыл

қозғалыс, Ұлттық ойындар ұйымдастырылды. Көрмелер бөлімі бойынша «Бояулар әлемі», «Біздің гулдер», көрмесі және «Менің жазғы демалысым» фото коллаж жасалды. Сонымен қатар жазғы сауықтыру жұмыстары жүргізілді. Болашақта да осылай ұйымшылдықпен жұмыс жасасақ көптеген жетістіктерге жетеміз деп өз ойын жеткізді.

Жарыссөз: Ж. Утарбаева бөбекжай тәрбиешісі

Жаз айларында бөбекжайда көптеген мерекелік іс-шаралар өткізілді. Бөбекжай бүлдіршіндері байқауларға қатысып, жүлделі орындар иеленді. Жаз мезгілінде шаралардың таза ауада өтуі балаларға өте қолайлы болғанын айтты. Мерекелік іс-шаралардың өткізілуіне, балалардың киімдеріне біздің тәрбиешілеріміз өте жақсы мән берді. «Бақытты балалық шақ», «Туған күніңмен балақай» атты ойын-сауық ұйымдастарғанда тәрбиешілер жарасымды киімдерімен әртүрлі ертегі кейіпкерлерінің ролін сомдағанда өте қызықты болды. Ата-аналар арасында да қызықты сайыстар ұйымдастырылды. Бұның барлығы ұйымшылдықпен жасаған жұмыстың нәтижесі екенін айтты.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ұсыныстар, сұрақтар болған жоқ.

II. Тыңдалды:

Жедел бақылау қорытындысы, топтардың жаңа оқу жылына дайындығы.

Қорытынды: Барлық топтардың жаңа оқу жылына дайындығына тексеру жұмыстары жүрізілді. Тексеру барысында топтың санитарлық жай күйі, тәрбиеші құжаттары, заттық - дамытушы ортаның жасақталуы және де жылжымалы папкалардың бар болуы анықталды. Нәтижесінде топтың жаңа оқу жылына дайын екені, педагог құжаттарының толықтығы анықталып, **топта** табиғат бұрышын толықтыру ескертілді.

III. Тыңдалды:

2023-2024 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-оқыту үдерісін ұйымдастыр туралы әдістемелік –нұсқау хатпен таныстырды. нұсқаулықта іс-шараларды (ашық есік күні, мерекелер, ертеңгіліктер заман талабына сәйкес тәрбиеленушілердің табысты әлеуметтену үшін жаңа тәсілдерді жүзеге асыруға бағдарланғанын айтып өтті.

III. Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кәсіпорын әдіскері Ж. Муханбердиева бөбекжайдың 2023-2024 оқу жылындағы міндеттерімен таныстырды.

2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспарда барлық бағыттар бойынша материалдар қамтылған, сонымен қатар балабақша мамандарының

шығармашылығын шыңдауға мамандар апталығы және аттестацияға байланысты көптеген жұмыстар қарастырылып Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген стандартқа сәйкес барлық өткізілетін іс –шаралар ойын әрекеті бағытында жасақталды. Әдіскер Ж.Муханбердиева педагогтарды жаңа оқу жылының сабақ кестесі, күн тәртібі және мамандар жұмыс кестесімен таныстырды.

Жаңа оқу жылында бөбекжайда 26 педагог жұмыс жасайды. Бөбекжайдың күн тәртібін сақтай отырып жас ерекшелігіне қарай әр топтың базалық оқыту жоспары, сабақ кестесі, күн тәртібі және мамандар жұмыс кестесі бекітілді. Бөбекжай педагогтарының күнтізбелік жоспарлары талданып, бекітілгендігі туралы айтып өтті. Білім беруді тұтас педагогикалық үрдіс арқылы ұйымдастыру көзделген. Онда балабақша директоры, әдіскері, медбикемен тәрбиешілердің міндеттері анықталған. Оқу-тәрбие процестерінде қолдануды басшылыққа алу керек деп есептеймін. Тәрбиеші басқа да мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиеленушілерінің ата-аналарымен өткізген сауалнама нәтижесін де айқын көрсеткен. Педагогтар өз топтарының ата-аналарымен де баланың құқығын қалай қорғау керектігі туралы кеңес, насихат шараларын жиі қолданып, тәрбиеленушінің жеке тұлға ретінде қалыптасуына көмек көрсету қажет деп ойлайтынын, ал бөбекжай ата-аналары да өз балаларының құқығын білуі тиіс және дұрыс көзқараспен қарауы басты міндеті деп білу керек.

Сұрақтар болған жоқ

Көрсетпе бөлім:

а) Сапалық құрам бекітіу

б) Топ тәрбиешілерін топтарға бекіту.

IV. Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі IV мәселе бойынша директоры К.Корпелиева тыңдалды. К.Корпелиева әртүрлі мәселелер бойынша ағымдағы жұмыстардың жүргізу сапасына тоқталды. Тәрбиешілердің топ құжаттары мен топты безендіру, жаңа технология бойынша материалдар жинақтау жұмыстары туралы жоспарлары мен, пікірлерін тыңдады.

2023-2024 қорытындысы бойынша «Күншуақ» ортаңғы топ С.Кенесбаева, А.Балманова тәрбиешілері «Үздік топ-2023» дипломмен марапатталды.

1.Өткен 2022-2023 оқу жылының жаз мезгіліндегі сауықтыру шараларын талдау қорытындысы «қанағаттарлық» деп бағалансын

2.2023-2024 жылғы Әдістемелік нұсқаулық хат оқу тәрбие барысында қолданылысын.

3. Ұйымдастырылған іс –әрекет кестесі, күн тәртібін бекіту, мамандар жұмыс кестесін бекітіліп жұмыс барысында жүзеге асырылсын, және төменде тізім

бойынша көрсетілген тәрбиешілер аталған топтарына бекітілсін.

Ерте жас «Балапан» тобына тәрбиешілер: А.досманова, К.Каденова

Кіші «Балбөбек» тобына тәрбиешілер: Т.Мендалиева, Б.Тажмухханова

Кіші «Құлыншақ» тобына тәрбиешілер: Ж.Утарбаева, Е.Джылымбаева

Ортаңғы «жұлдыз» тобына тәрбиешілер: С.Кенесбаева, Б.Туреханова

Ортаңғы «Айгөлек» тобына тәрбиешілер: А.Мухашова, М.Джолдасова

Ортаңғы «Күншуақ» тобына тәрбиешілер: Балманова, Г.Туракбаева

Ересек «Балдырған» тобына тәрбиешілер: Р.Айсултанова, А.Самбаева


Ересек «Болашақ» тобына тәрбиешілер: М.Бектилеуова А.Самбаев А

Жиналыс төрайымы:



К.Корпелиева

Хатшы:



Ж. Муханбердиева